



Тұрарова Жұмакүл Мұхтарқызы,
ҚР Заң шығару институты Лингвистикалық орталығының
аға ғылыми қызметкері

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ ПУНКТУАЦИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР (АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕР МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

Республикамыздың қоғамдық қатынастарының барлық саласында қолданылатын нормативтік құқықтық актілерде тілдік нормалардың сақталуы аса маңызды. Өйткені ол мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу сияқты билік салаларында нысанға алынатын қоғамдық қатынастарды реттеудің басты құралы болып табылады.

Осы заң шығармашылығы ісін жүзеге асырудағы, яғни нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуде тілдік нормалардың сақталуын қамтамасыз етудің бірқатар мәселелерін қарастырып көрелік.

Тілдік нормативтік жүйесінің дәстүрін сақтауға түрде қалыптасып, қоғамдық қатынастар арқылы орныққан тілдік амал-тәсілдердің жиынтығы [1], яғни лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу және т.б. нормаларын қамтитын сөз қолдану ережелері ретінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы [2] заң техникасы шегінде нормативтік құқықтық актілер тілінің дәлдігін, анықтығын, логикалық дұрыс болуын жетілдіруді қамтамасыз ету тәсілі ретінде қаралады.

Нормативтік құқықтық актіге ресми құжат сипатын беретін оның құрылымдық элементтері мен деректемелерін жазу, тілі мен стиліне қойылатын бірқатар талаптар «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленгендігін атап өтуге болады. Осы Заңда көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің сатылық деңгейлері (заң, қаулы, бұйрық, ереже, қағида және т.б.) өзіндік түрлі құқықтық мақсатпен құрылым, мазмұнды қамтиды. Ал олардың құрылымдық бөліктерін қалыптастыратын құқық нормаларын қамтитын абзац, бөлік, тармақша, тармақ, бап және оның деректемелері (атау, нөмірі, күні және т.б.) ресімдеу талапта-

рына және тілдік норма деңгейлеріне (фонетика, лексика, сөзжасам, грамматика, морфология, синтаксис, стилистика нормаларына) сай жазылуы тиіс. Олардың жазу талаптарын сақтамау, мәселен, сөз тұлғасына, сөз тіркестері мен сөйлем құрылыстарының олқылықтарынан туындайтын грамматикалық қателерге немесе сөз мәнін дұрыс түсінбеу, орынсыз пайдаланудан және т.б. сөздердің дәл мәнінде пайдаланбаудан болатын лексикалық қателерге, яғни тілдік құралдарды дұрыс пайдаланбағаннан туындайтын заң тілі мен стилінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан заң мәтіндерінің тілдік нормаларға сай жазылуы аса маңызды.

Осындай тілдік нормалардың бірі - пунктуациялық нормалар. «Пунктуация» термині латын тілінде *punctuation*, *punctum* – нүкте дегенді білдіреді. Ол біріншіден, тілдегі алфавитке енбейтін графикалық таңбалар жиынтығын, мәтінді өз ішінде бір-бірінен бөлектеп, графикалық жағынан ажырататын жазу тілінің негізгі құралы, екіншіден, тыныс белгілерін дұрыс қою жөніндегі ережелерін, үшіншіден, тыныс белгілері деген мағынаны білдіреді [3].

Тыныс белгілері – ойды нақты, дәл, түсінікті жеткізу үшін, жазуда сөйлемдердің құрылым ерекшелігін, интонацияны берудегі қолданылатын шартты белгілер. Ресми жазба тілінде әсіресе, заң тілінде тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің маңызы зор. Тыныс белгілері дұрыс қойылмаған мәтінді, сөйлемді оқу да, мағынасын түсіну де қиын. Тыныс белгілері дұрыс қойылмаған сөйлем құрамындағы сөздер синтаксистік қызметі жағынан (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш т.б.) өзгеріп, мазмұны күңгірттеніп, екі ұшты болуы мүмкін [4].

Қазақ тілінде тыныс белгілері сөйлемнің

синтаксистік ерекшелігіне (сөйлем құрылысы, түрі, жасалу жолдары), сөйлемнің мағынасына, сөйлемнің интонациясына байланысты әр түрлі қойылады [4]. Интонация арқылы сөйлем мағынасының айтылу мақсатына қарай тыныс белгілерін қойып, мағыналық өзгешеліктерді танымыз. Мәселен, хабарлай айтылған сөйлемнен соң кідіріс болады да, соған орай нүкте қойылады. Құрмалас сөйлемдерді оқығанда, құрмалас құрамындағы әрбір жай сөйлемдерден соң, сондай-ақ бірыңғай мүшелердің әрбір сөздерінен соң кідіріс болып, олар үтір белгісімен ажыратылады. Бастауыштан кейін қойылатын сызықшада интонацияның рөлі айрықша көрінеді. Сызықша қойылып тұрған жерге кідіріс жасаймыз, әйтепесе сөйлемнің синтаксистік қызметі бұзылады.

Сонымен тыныс белгілері сөйлем мағынасын анықтайтын белгі. Олардың біразы сөйлемнің мағынасына қарай, біразы құрылысына қарай қойылады. Қос нүкте, нүктелі үтір, абзац синтаксистік құрылысқа қатысты қойылады. Жақша, нүкте, тырнақша сөйлем мағынасына қарай қойылады [4, 5].

Ресми стильде, оның ішінде заң мәтіндерінде қолданылатын тыныс белгілері шектеулі ғана. Заң мәтіндерінде көбінесе нүкте, нүктелі қос нүкте, үтір, тырнақша, сызықша және т.б. тыныс белгілері пайдаланылады. Сондай-ақ заң құрылымындағы олардың пайдаланылуы ережесі мынадай:

Нүкте (.) - жазуда көп пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Нүкте дұрыс қойылмайтын болса, сөйлем түсініксіз болып шығады, не нүктенің қойылмауынан екінші бір мағына туындауы мүмкін. Заң тілінде нүкте аяқталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемдерден соң, цифрлар арқылы таңбаланатын санамалы нөмірлерден кейін немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін тағысын тағы, тағы сондайлар, тағы басқа сөздерін қысқартқанда қойылады [4, 5].

Үтір, сызықша, қос нүкте, нүктелі үтір сөйлем бөліктерін бөлу белгілері [7].

Сөйлем ішіндегі ең көп қолданылатын белгінің бірі - үтір. Ол бірыңғай мүшелердің арасына, оңашауланған айқындауыш сөздер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің ара жігіне қойылады. Үтірді қойғанда, тыныс белгілерін қолданудың жоғарыдағы аталған үш ерекшелігін ескеру керек. Олай болмаған жағдайда, сөйлемдегі ой айқындалмайды, тіпті түсініксіз болады.

Ал сызықша (—) белгісі бастауыш зат есімнен немесе заттанған (зат есімдік мәнге ие болған) басқа сөз таптарынан, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа

сөз таптарынан болғанда қойылады. Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады (Ол жалғау мен шейін шылауының мағынасын білдіреді) [4, 5].

Заң мәтіндерінде осы тыныс белгісін дұрыс қолданбау жағдайлары жиі кездеседі. Мысалы кейде дефис пен сызықша бір көлемде беріледі, бұдан мағынаға әсері болмағанымен, дефистің морфологиялық белгі екендігінайыруқажет. Тыныс белгісіне енбейтін дефистің көлемі сызықшаның жартысындай көлемде қойылады. Осы тәрізді тырнақшаны қою да жүйесіз. Сыңарлары үлкенкіші, не сөзден жоғары берумен қатар сызықша белгісін дұрыс қолданбау да кездеседі. [4]. Осындай дұрыс белгілмеу жағдайына мысал ретінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 10-бабының 6-тармағындағы кемшілікті атауға болады:

«6. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау осы Кодексте немесе өзге де заң құжаттарында көзделген құралдармен қамтамасыз етіледі.

Әрбір тұтынушының, атап айтқанда:

- тауарлар сатып алу, жұмыс пен қызметті пайдалану үшін еркін шарт жасасуға;
- тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) тиісінше сапалы және қауіпсіз болуына;
- тауарлар (жұмыс, қызмет) жөнінде толық және анық мәлімет алуға;
- тұтынушылардың қоғамдық ұйымдарына бірігуге құқығы бар.».

Қос нүкте (:) – жазуда, заң тілінде сөйлемнің синтаксистік ерекшеліктері мен мағынасына байланысты қойылады. Қос нүкте сөйлем мүшелерінің грамматикалық және логикалық қатысын білдіреді, ойдың жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға қатысын анықтайды. Қос нүкте жалғаулықсыз салаласқан жай сөйлемдердің алдыңғысының мағынасы соңғы жай сөйлемдер арқылы айқындалатын жай сөйлемдердің арасына, белгілі ойды, қағидаларды, ережелерді дәлелдеу мақсатымен алынған сөйлемдердің алдында қолданылатын мысалы деген сөзден кейін, бірыңғай мүшелердің алдынан баса назар аудару мәнінде қолданылатын сөздерден соң, жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін қойылады [4, 5]. Мәселен, рет-ретімен санамалап баяндауды керек ететін жалпылауыш мәнді сөздерден соң қос нүкте қойылады.

«1. Әлеуметтік қызметкердің:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласына жаңа әдістемелер енгізуге, ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын сақтаған жағдайда, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы

қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

3) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға құқығы бар.» («Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 1-тармақшасы).

Нүктелі үтір (;) – жазуда, заң мәтінінде жиі пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Бұл белгіні қоюда сөйлемнің құрылысы мен мағынасы негізге алынады. Нүктелі үтір көбінесе сөйлемнің құрылысына қарай, құрмалас сөйлемдерде, сондай-ақ баяндауыштары тұлғалас, мағыналары теңдес, жалпылауыш мәнді, санамаланатын бірыңғай мүшелі жай сөйлемдерде қойылады [4; 5]. Мысалы, нормативтік құқықтық актілерде нүктелі үтір санамаланып айтылған, мағыналары ыңғайлас сөйлемдерден кейін қойылғанда сөздер кіші әріптен басталып жазылады. Бұлардың әрқайсысы цифр немесе әріптер арқылы көрсетілуі немесе әріптер не цифрлар арқылы дараланып көрсетілмеуі мүмкін [4; 5; 6]:

«2. Шаруашылық серіктестікке қатысушылар:

1) құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;

2) салымдарды құрылтай құжаттарында көзделген тәртіп, мөлшер, әдістер және мерзімдер бойынша салып отыруға;

3) шаруашылық серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.» (ҚР АҚ-нің 61-бабының 2-тармақшасы).

немесе

«2. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамның (отбасының) мүддесі үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы өтінішті адамның (отбасының) өз бетінше оны бере алмау себебін көрсете отырып:

отбасының ересек мүшелерінің біреуі;

қамқоршысы (қорғаншысы);

кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі;

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхаты бар адам бере алады.» («Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағы).

Сондай-ақ заң мәтінінде жиі пайдаланылатын белгінің бірі тырнақша («қосарлы белгі»), жақша, сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем бөліктерін бөлектеу белгісі болып табылады [4; 5]. Тырнақша (" «», „ „“) кідіріске, интонацияға немесе сөйлемнің құрылысына байланысты емес. Тырнақшаның мағынасы да, қызметі де алуан түрлі, көбіне мағынаға байланысты қойылатын белгі. Заң

мәтінде тырнақша сөздерді, ойды өзгертпей, сол қалпында қолдану қажет болғанда қойылады. Бұл көбіне түзетулер енгізетін нормативтік құқықтық актілерде қолданылады. Сондай-ақ мәтін ішінде газет, заң, қаулы және т.б. аттары қолданылғанда, кәсіпорын, фирма, зауыт, фабрика, ұйым аттары мен машиналар мен құрал-жабдық маркаларын және т.б. жазуда тырнақша қолданылады. [4; 5; 6].

Жақша () — жұптанып қолданылатын тыныс белгісі. Жақшаның дөңгелек жақша [()], тік ([]), пішінді жақша ({}), сынық жақша (<>) деп аталатын түрлері бар. Жақша, негізінен, мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгі. Жақшаға алынатын сөздер мен сөйлемдер жақшаға алынбаған сөздермен грамматикалық байланыспайды. Жақшаға алынған сөздер мен сөз тіркестері баяндалып отырған ойды анықтай түсу үшін, кейде оның жеке мүшелерін түсіндіру үшін, сөйлем ішіндегі бір ойды немесе жеке бір сөзді дәлірек анықтау үшін қолданылады [4].

Нормативтік құқықтық актілерде тармақтардағы тармақшалар және баптардағы тармақтарды нөмірлеуде жақша жиі пайдаланылады. Бұл ретте тармақтардағы тармақшалардың нөмірленуі жақшамен жабылған араб цифрларымен мынадай түрде белгіленеді: 1), 2), 3) және одан әрі қарай [2].

Тыныс белгілері кейде қосарланып та қолданылады. Қосарланып қолданылатын тыныс белгілері ретінде жақша, тырнақша, үтір, қос нүкте, нүктелі үтірді атауға болады.

Қорыта келе, тыныс белгілері ережелері тілдің грамматикалық ережелеріне тәуелді, байланысты әрі синтаксис аясында қаралатындығын, сонымен қоса, тыныс белгілерін пайдалануды белгілей отырып, синтаксистік құрылымды (не оның элементін бір-бірінен бөлектеуді) және мәтіндегі бірнеше синтаксистік құрылымды біртұтас біріктіру функциясын атқаратындығын атауға болады. Сонымен, тыныс белгісін дұрыс қою мәтін мазмұнын дәл беруді қамтамасыз ететіндігін көреміз [4; 5]. Алайда, осы мәселелерді ескермеуден, көптеген заң мәтіндерінде тыныс белгілерін дұрыс қолданбау жиі кездеседі. Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің мәтіндеріндегі кездесетін мынадай тыныс белгілері кемшіліктерін атауға болады:

1) сызықша белгісін оқшаланған айқындауыш мүшені белгілеуде орынсыз қоюды;

2) сызықшаны бастауышты басқа мүшеден айыру үшін қоюды;

3) абзацтарды дефистермен немесе өзге де белгілермен көрсетуді;

4) сөйлемдегі сөздерді байланыстыратын «өйткені», «бірақ», «сондықтан», «мен», «және», «немесе» сияқты жалғаулықтарды қыстырма

сөзбен ажырата алмаудан тыныс белгілерінің әртүрлі қолдануын атауға болады [4; 5].

Қолданыстағы заңдар мәтіндерін алып қарасақ та, әзірленіп жатқан заң жобаларын қарайтын болсақ та тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауын жиі көреміз.

Сондықтан заң жобаларын әзірлеу барысында олардың сапасына баса көңіл бөліп, әсіресе мемлекеттік тілдегі заң жобасы нұсқасын әзірлеудің әдістемесін жетілдіру қажет. Сонымен тыныс белгілері нормалары құқықтық материалды дұрыс құрылымдауды, акт мәтінін түсінікті, анық, дәл, дұрыс жазуды қамтамасыз ете отырып, заң тілі мен стилі талаптарын сақтаудың техникасын жетілдірудің қажетті тәсіл болып табылатындығын көреміз.

Қолданылған әдебиет

1. Языковая и речевая норма - <http://imp.rudn.ru/ffec/rlang/rl5.html> (11.03.2012 ж.).
2. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, Сөздік-Словарь, 1998. – 304 бет.
4. Тыныс белгілері. - <http://kk.wikipedia.org/wiki> және <http://kaz-referaty.ucoz.kz/load> (11.03.2012 ж.).
5. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілі пунктуациясы: оқу құралы. Екінші басылым. - Алматы, Ана тілі, 1991. – 128 бет.
6. Айтмұқанова А. Емле және тыныс белгілері – сауаттылықтың кепілі / Материалы практического семинара, проведенного 2 июня 2010 года на тему: «Некоторые проблемы переводческой деятельности», 2010. – 20 бет.
7. Кузнецова А.В., Гайбарян О.Е. Справочник по русскому языку (серия «Учебники, учебные пособия»). – Ростов-на-Дону: Феникс, 2001. – 320 с.
8. Теория государства и права. Учебно-методическое пособие. Краткий учебник для вузов. – М.: Издательство НОРМА (Издательская группа НОРМА–ИНФРА. – М., 2001. – 448 с.



Мақалада мемлекеттік тілдегі НҚА мәтіндерінде пунктуациялық нормалардың сақталуы оның сапасын қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі ретінде қаралады.

В статье соблюдение пунктуационных норм в текстах НПА на государственном языке рассматривается как один из способов обеспечения их качества.

Compliance with the punctuation norms in the text of regulatory legal acts in the national language is considered as a one of the ways of ensurance of their quality.

Түйін сөздер: НҚА мәтіндерінің пунктуациясы, пунктуациялық нормаларды сақтау, пунктуациялық нормалардың қызметі мен мәні.

Ключевые слова: пунктуация текстов НПА, соблюдение пунктуационных норм, функция и значение пунктуационных норм.

Keywords: punctuation of the texts of regulatory legal acts, compliance with punctuation norms, function and value of punctuation norms.